

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Алау", "ЛСП" учаскелеріне және Екпін ауылдық округінің "Ақбәдеш" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 203 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 543 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда № 5343 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабының 2-тармағының 10) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 13 қазандағы № 456 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Алау", "ЛСП" учаскелерінде және Екпін ауылдық округінің "Ақбәдеш" шаруа қожалығында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы №203 "Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Алау", "ЛСП" учаскелеріне және Екпін ауылдық округінің "Ақбәдеш" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5108 тіркелген, 2017 жылғы 13 мамырдағы "Тарбағатай" газетінде және 2017 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тарбағатай ауданының әкімі

Д. Оразбаев